

2020 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы бойынша асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 19 наурыздағы № 63 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 20 наурызда № 6109 болып тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2020 жылғы 17 қыркүйектегі № 244 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 17.09.2020 № 244 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы № 108 "Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18404 болып тіркелді) бекітілген Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларының 6-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2020 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы бойынша асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері бекітілсін.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) осы қаулыны "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жариялағаннан кейін Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан
облысының әкімі

К. Аксакалов

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің
2020 жылғы 19 мамырдағы № 63
қаулысына қосымша

Жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен 2020 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы бойынша асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 26.05.2020 № 130 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р/с №	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге	Субсидиялау - натын көлемі	Субсидиялар көлемі, мың теңге
Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы					
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу:				
1.1	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы	бас/шағы-лыстыру маусымы	10 000	39 750	397 500,0
1.2	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы*	бас/шағы-лыстыру маусымы	30 000	25 158	754 740,0
2.	Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті және етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын күтіп-бағу	бас/шағы-лыстыру маусымы	100 000	1 500	150 000,0
3.	Отандық асыл тұқымды ірі қара мал сатып алу	сатып алынған бас	150 000	2 500	375 000,0
4.	Шетелдік асыл тұқымды аналық мал басын сатып алу*	сатып алынған бас	337 500	5 000	1 687 500,0
5.	Сыйымдылығы бір уақытта кемінде 1000 бас болатын бордақылау алаңдарына бордақылау үшін өткізілген немесе ауыстырылған бұқашықтардың құнын арзандату	тірідей салмағы, килограмм	200	2 000 000	400 000,0
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы					
1.	Сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды бұқасының ұрығын сатып алу				
1.1	Бір жынысты	сатып алынған доза	10 000	200	2 000,0

1.2	Қос жынысты	сатып алынған доза	5 000	10 000	50 000,0
2.	Ірі кара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу:				
2.1	отандық немесе Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінен әкелінген шетелдік	сатып алынған бас	150 000	2 150	322 500,0
2.2	Аустралия, Америка Құрама Штаттары, Канада және Еуропа елдерінен әкелінген *	сатып алынған бас	337 500	5 000	1 687 500,0
3.	Сүт өндіру құнын арзандату:				
3.1	бағымдағы сиырларының саны 600 бастан басталатын шаруашылық	өткізілген немесе өңделген килограмм	35	15 000 000	525 000,0
3.2	бағымдағы сиырларының саны 400 бастан басталатын шаруашылық	өткізілген немесе өңделген килограмм	20	9 000 000	180 000,0
3.3	бағымдағы сиырларының саны 50 бастан басталатын шаруашылық	өткізілген немесе өңделген килограмм	10	12 000 000	120 000,0
3.4	Ауыл шаруашылығы кооперативі	өткізілген немесе өңделген килограмм	10	10 000 000	100 000,0
4.	Шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде ірі кара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді субсидиялау	ұрықтан-дырылған бас/шағылысу маусымы	5 000	15 000	75 000,0
5.	Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын күтіп-бағу	бас/шағылыстыру маусымы	100 000	500	50 000,0
6.	Сүтті және сүтті-етті бағыттағы аналық басының және толықтыратын мал басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату	бас	120 000	9645	1 157 400,0
Етті құс шаруашылығы					
1.	Ата-енелік/ата-тектік нысандағы асыл тұқымды тәуліктік балапан сатып алу	сатып алынған бас	600	50 000	30 000,0
2.	Құс етін өндіру құнын арзандату				
1)	2 000 тоннадан басталатын нақты өндіріс	өткізілген немесе өңделген килограмм	50	2 000 000	100 000,0
3.	Суда жүзетін құс етін өндіру құнын арзандату	өткізілген немесе өңделген килограмм	40	175 650	7 026,0
Жұмыртқалы құс шаруашылығы					

1.	Асыл тұқымды құстардан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапан сатып алу	сатып алынған бас	60	1 200 000	72 000,0
2.	Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату				
1)	150 миллион данадан басталатын нақты өндіріс	өткізілген дана	2,7	11 870 000	32 049,0
2)	100 миллион данадан басталатын нақты өндіріс	өткізілген дана	2,5	50 868 000	127 170,0
Шошқа шаруашылығы					
1.	Асыл тұқымды шошқалар сатып алу	сатып алынған бас	140 000	500	70 000,0
2.	Шошқалардың аналық және шошқа басын толықтыратын басымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстар жүргізу*	бас/шағылысу маусымы	60 000	5 000	300 000,0
Қой шаруашылығы					
1.	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				
1.1	Қойлардың асыл тұқымды аналық басы	бас/шағылысу маусымы	2 500	2 000	5 000,0
1.2	Қойлардың тауарлық аналық басы	бас/шағылысу маусымы	1 500	3 000	4 500,0
2.	Асыл тұқымды қойлар сатып алу	сатып алынған бас	8 000	2000	16 000,0
3.	Асыл тұқымды ешкілердің аналық басын сатып алу	сатып алынған бас	40 000	70	2 800,0
Жылқы шаруашылығы					
1.	Өнімді бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық айғырлар сатып алу	сатып алынған бас	100 000	473	47 300,0
2.	Бие сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату	килограмм	60	30 000	1 800,0
Балара шаруашылығы					
1.	Балара ұясымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	балара ұясы/маусым	5 000	200	1 000,0
	Облыс бойынша жиыны				8 850 785,0

* - Норматив 50 %-ға ұлғайтылды

Республикалық бюджеттің қаражаты есебінен 2020 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы бойынша асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері

Р/с №	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге	Субсидияла - натын көлемі	Субсидиялар көлемі, мың теңге

	Республикалық бюджеттің қаражаты есебінен				
1.	Сүт өндіру құнын арзандату:				
1.1	бағымдағы сиырларының саны 600 бастан басталатын шаруашылық	өткізілген немесе өңделген килограмм	35	25 000 000	875 000,0
1.2	бағымдағы сиырларының саны 400 бастан басталатын шаруашылық	өткізілген немесе өңделген килограмм	20	6 250 000	125 000,0
	Республикалық бюджеттің қаражат жиыны				1 000 000,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК